**Автор**: Өтеген Дияс Мырзабекұлы
**Пән**: Дене шынықтыру
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Жүгіру, секіру, лақтыру дағдыларын қалыптастыру
**Тақырып**: Ойын кезінде көшбасшылық дағдыны қалыптастыру

---

| | |
|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары: | 5.2.2.1 Көшбасшылық дағдылар мен команда құрамында жұмыс істей білуді түсіну. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың барысы (20-25 минут) | Сапқа тұру. Кезекшінің мәліметі. Сәлемдесу. Жалпы дамыту жаттығулары. 3-4 командаға бөлініңіз. Әр команда өзіңізге капитан тағайындаңыз. Капитан әр ойыншыңызды мүмкіндігіне қарай станцияларға бөліңіз. (Әр білім алушы кезекпен капитан болады). Кешенді эстафета 1. Бірінші білім алушы 10 м қашықтыққа дейін допты алып жүруді орындайды және екінші білім алушыға допты береді. 2. Екінші білім алушы допты 5 рет нәтижелі соққымен шығыршыққа тастайды, одан кейін допты алып жүру арқылы 10 м қашықтықты қайта жүріп, сөреге жетіп, допты үшінші білім алушыға береді. 3. Үшінші және төртінші білім алушылар допты жұпта оң және сол бүйірлерімен 10 м қашықтықты қозғалыс арқылы жүріп отырып, бесінші білім алушыға береді. 4. Бесінші білім алушы допты алып жүріп, екі қадам жасау арқылы шығыршыққа допты салады. Добы шығыршыққа түскен жағдайда орнына оралады, сонымен эстафета аяқталады. Егер добы шығыршыққа түспесе, шығыршыққа доп нәтижелі түскенше 3 рет допты лақтырады, 3 ретте де добын шығыршыққа түсіре алмаған жағдайда орнына қайта оралады. | |